Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен жас ұрпақтың саналы тәрбиесін қалыптастыру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Технологияның дамуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, әлеуметтік желілердің бала санасына әсері тәрбие мәселесіне ерекше назар аударуды талап етеді. Осындай кезеңде отбасының рөлі бұрынғыдан да арта түсуде. Себебі бала тәрбиесінің негізі отбасында қаланып, тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен дүниетанымы ата-ана тәрбиесі арқылы қалыптасады. Отбасы – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің қалыптасатын ортасы. [2].Бүгінгі таңда қоғамда балалар арасындағы тәртіп мәселесі, кітап оқуға қызығушылықтың төмендеуі, ұлттық құндылықтарға деген көзқарастың әлсіреуі сияқты өзекті мәселелер кездеседі. Мұндай жағдайда отбасы мен мектептің тығыз байланысы, ұлттық тәрбиеге негізделген бірлескен жұмыстардың маңызы зор. Әсіресе бастауыш сынып кезеңінде берілген тәрбие – баланың болашақ өмірінің іргетасы болып табылады. Осы бағытта №27 орта мектебі ұжымы оқушылардың тәрбиесіне байланысты түрлі жобалар мен іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастырып келеді. Соның бірі – «Аналар мектебі» тәрбие жобасы.

Мақаланың **өзектілігі** – отбасы тәрбиесінің бала тұлғасының қалыптасуындағы маңызын айқындау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нығайту мәселелерін көтеруінде. Сонымен қатар «Аналар мектебі» жобасы арқылы жүргізіліп жатқан тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін көрсету, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру да мақаланың негізгі өзекті бағыттарының бірі болып табылады. **Мақсаты–** Отбасы тәрбиесінің бала тұлғасының қалыптасуындағы маңызын айқындау, ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту және «Аналар мектебі» жобасы негізінде жүргізілген тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін көрсету.

Міндеттері:

1. отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін анықтау;
2. ұлттық құндылықтардың тәрбиелік мәнін насихаттау;
3. мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың маңызын көрсету;
4. «Аналар мектебі» жобасы аясында жүргізілген іс-шаралардың тәрбиелік тиімділігін талдау;
5. оқушылардың бойында адамгершілік, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу қасиеттерін қалыптастыру жолдарын қарастыру;
6. тәрбие жұмыстарында қолданылған педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің тиімділігін саралау.

Әдістемелік негіздемесі- Мақаланың әдістемелік негізі ретінде тұлғалық - бағдарлы оқыту, ынтымақтастық педагогикасы, ұлттық тәрбие қағидалары және құзыреттілікке негізделген білім беру бағыттары алынды. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында оқушының жас ерекшелігі мен психологиялық дамуы ескеріліп, тәрбиенің ұлттық және рухани бағыттарына басымдық берілді.

Педагогика ғылымында зерделенуі

Отбасы тәрбиесі мәселесі педагогика ғылымында ерте кезеңнен бастап маңызды зерттеу нысаны болып келеді. Қазақ ағартушылары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов еңбектерінде ұлттық тәрбие мен отбасының бала дамуындағы рөлі жан-жақты қарастырылған. Олар бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды, ана тәрбиесін, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталған. Сонымен қатар орыс педагогикасында Василий Сухомлинский мен Антон Макаренко отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік жұмысын тұлға қалыптастырудың негізгі факторы ретінде қарастырған. Қазіргі педагогика ғылымында отбасы тәрбиесі мәселесі тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы, ұлттық тәрбие, ата-анамен ынтымақтастық және әлеуметтік орта ықпалы тұрғысынан зерттелуде. Бастауыш сынып кезеңіндегі тәрбиенің маңыздылығы көптеген ғылыми еңбектерде дәлелденіп, баланың тұлғалық қалыптасуындағы шешуші кезең екендігі айқындалған. [7].

«Аналар мектебі» жобасының маңызы

Бала тәрбиесіне қатысты мәселелердің көбеюі, отбасылық құндылықтардың әлсіреуі, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың сиреуі тәрбие жұмысына жаңаша көзқарас қалыптастыруды қажет етеді. Осы бағытта ұйымдастырылған «Аналар мектебі» жобасы – ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды тәрбиелік жоба. №27 орта мектебінің 1 «А» және 1 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген «Аналар мектебі» жобасы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды. Бастауыш сынып кезеңі – баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптасатын маңызды кезең. Сондықтан тәрбие жұмыстары оқушылардың жасына сай ойын, шығармашылық және қызығушылыққа негізделген әдістер арқылы өткізілді.Жобаның негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ананың бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, ұлттық тәлім-тәрбиені дәріптеу, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Сонымен қатар жоба арқылы аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік жасалып, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру көзделді.

Жоба аясында ұйымдастырылған іс-шаралар

Жоба барысында 1-сынып оқушыларымен және аналармен бірлескен көптеген тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды.

- «Отбасы – тәрбие бастауы» атты дөңгелек үстел

Дөңгелек үстел барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі туралы өз ойларын ортаға салып, тәжірибе алмасты. «Балаға ең алдымен қандай тәрбие қажет?» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылып, ата-аналар өз отбасындағы тәрбиелік дәстүрлері туралы әңгімеледі. Шара барысында кейбір аналар балаларына ертегі айтып ұйықтатудың, бірге кітап оқудың, дастарқан басында әңгімелесудің тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті. Бұл жұмыстар ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

- «Ана – өмір шуағы» атты тәрбие сағаты

1-сынып оқушылары аналарға арналған өлеңдер оқып, ән айтып, өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстады. Балалар аналары туралы жүрекжарды тілектерін айтып, отбасындағы ана мейірімінің маңызын түсінді. Кейбір оқушылар аналарына арнап сурет салып, «Мен анамды не үшін жақсы көремін?» тақырыбында шағын әңгімелер айтты. Бұл жұмыс балалардың анаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыруға бағытталды.

- Ұлттық тәрбиеге байланысты шеберлік сағаттары

Жоба аясында ұлттық салт-дәстүрге арналған тәрбиелік шаралар өткізілді. Аналар қыз балаларға шаш өру, дастарқан әзірлеу әдебі туралы түсіндірсе, ұл балаларға үлкенді сыйлау, сәлем беру мәдениеті туралы тәрбиелік әңгімелер айтылды. Сонымен қатар оқушылар ұлттық

ойындар ойнап, мақал-мәтелдер айтып, қазақ халқының дәстүрлері туралы мәліметтер алды. Мұндай жұмыстар оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырды.

➢ Психологиялық тренингтер

Аналармен «Балаға жылы сөздің әсері», «Менің баламның жақсы қасиеті» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар балаларының жақсы қасиеттерін атап, оларға қолдау көрсету жолдары туралы пікір алмасты. «Жылы жүрек» жаттығуы кезінде аналар балаларға жылы лебіздерін білдіріп, балалар ата-аналарына алғыс сөздерін айтты. Бұл жұмыс отбасы мүшелері арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтуға әсер етті.

➢ «Бақытты отбасы» пікір алмасу кеші

Пікір алмасу кешінде отбасылық құндылықтар, ата-ананың өнегесі, бала тәрбиесіндегі қамқорлық пен мейірімнің маңызы туралы әңгімелер айтылды. Оқушылар өз отбасылары туралы шағын бейнероликтер мен фотоколлаждар дайындап, жанұялық дәстүрлерімен бөлісті. Кейбір отбасылар демалыс күндерін бірге өткізудің маңызы туралы айтып, балаларымен бірге табиғат аясында серуендейтіндерін, кітап оқитындарын ортаға салды.

➢ «Отбасымен бірге оқимыз» акциясы

Бұл акция барысында оқушылар ата-аналарымен бірге ертегілер мен балалар әдебиетін оқып, оқылған шығармалар бойынша суреттер салып, кейіпкерлерге мінездеме берді. Мысалы, кейбір оқушылар «Алдар көсе», «Мақта қыз бен мысық» ертегілерін оқып, ертегі кейіпкерлерінің жақсы және жаман қасиеттерін талдады. Бұл жұмыстар оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай заманауи педагогикалық технологиялар қолданылды.

1. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы

Әр оқушының жеке қабілеті мен қызығушылығы ескеріліп, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар отбасы туралы сурет салып, өлең айтып, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды.

2. Ынтымақтастық педагогикасы

Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы бірлескен әрекет жүзеге асырылды. Отбасылық сайыстар мен ортақ тапсырмалар балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын жақсартуға ықпал етті.

3. Ойын технологиясы

1-сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру мақсатында рөлдік ойындар, ұлттық ойындар, сергіту жаттығулары ұйымдастырылды. Бұл әдістер балалардың белсенділігін арттырып, тәрбиелік шараларды қызықты өткізуге мүмкіндік берді.

4. Жобалау технологиясы

Оқушылар «Менің отбасым», «Анам – менің мақтанышым» тақырыптарында шағын жобалар мен шығармашылық жұмыстар дайындады. Бұл балалардың ойлау қабілетін және сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етті.

5. АКТ технологиясы

Тәрбие сағаттарында бейнероликтер, презентациялар, музыкалық сүйемелдеулер қолданылып, көрнекілік арқылы оқушылардың қызығушылығы арттырылды.

Жобаның тиімділігін анықтауға арналған мониторинг нәтижелері

«Аналар мектебі» жобасының тиімділігін анықтау мақсатында 1 «А» және 1 «Ә» сынып оқушыларымен және ата-аналарымен бастапқы және қорытынды мониторинг жұмыстары жүргізілді. Мониторинг барысында оқушылардың отбасылық құндылықтарға көзқарасы, ата-анамен қарым-қатынасы, ұлттық тәрбиеге қызығушылығы, кітап оқуға ынтасы және қоғамдық ортадағы мінез-құлқы сараланды.

Мониторинг жұмыстары бақылау, сауалнама, әңгімелесу, рефлексия, шығармашылық тапсырмалар және ата-аналар пікірі негізінде жүргізілді.

Бастапқы мониторинг нәтижесі: Жоба басталғанға дейін жүргізілген бақылау барысында кейбір оқушылардың:

1. өз ойын еркін жеткізу деңгейінің төмендігі;
2. кітап оқуға қызығушылығының әлсіздігі;
3. отбасылық дәстүрлер туралы түсінігінің аздығы;
4. үлкенге құрмет көрсету дағдыларының толық қалыптаспағаны;
5. ата-анамен бірлескен әрекетке белсенді қатыспауы байқалды.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде кейбір отбасыларда балаға бірге кітап оқу, отбасылық әңгімелесу, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау жұмыстарының жеткіліксіздігі анықталды.

Қорытынды мониторинг нәтижесі: Жоба соңында жүргізілген қорытынды мониторинг нәтижелері тәрбиелік жұмыстардың тиімді болғанын көрсетті.

Атап айтқанда:

1. оқушылардың отбасына деген сүйіспеншілігі мен ата-анаға құрмет көрсету деңгейі артты;
2. кітап оқуға қызығушылықтары жоғарылады;
3. оқушылардың өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптасты;
4. ұлттық салт-дәстүрлер туралы білімдері кеңейді;
5. сыныптағы өзара сыйластық пен достық қарым-қатынас нығайды;
6. ата-аналардың мектеппен байланысы белсенді бола түсті.



Мониторинг барысында оқушылардың тәрбиелік іс-шараларға қатысу белсенділігі де артқаны байқалды. Мысалы, бастапқы кезеңде кейбір оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындауға қысылып қатысса, жоба соңында олар өлең оқып, өз пікірлерін еркін айтып, топтық жұмыстарға белсенді араласа бастады.

Мониторингтің салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең
Отбасылық құндылықтарды түсіну деңгейі	55%	85%
Кітап оқуға қызығушылық	48%	80%
Ата-анамен бірлескен әрекетке қатысу	50%	92%
Ұлттық тәрбиеге қызығушылық	60%	90%
Қоғамдық ортада өзін ұстау мәдениеті	58%	87%

Қорытынды

Жүргізілген мониторинг нәтижелері «Аналар мектебі» жобасының тәрбиелік маңызы жоғары екенін дәлелдеді. Жоба арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығая түсті. Сонымен қатар ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы артып, отбасы тәрбиесіне деген жауапкершілігі күшейді. Осы жұмыстардың нәтижесінде 1-сынып оқушыларының бойында мейірімділік,



үлкенді құрметтеу, жауапкершілік, ұйымшылдық сияқты қасиеттер қалыптасып, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артты.

Қорытындылай келе, «Аналар мектебі» жобасы 1 «А» және 1 «Ә» сынып оқушыларымен жүйелі түрде ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің бірлескен жұмысының маңызын көрсетті. Жоба барысында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге оң әсерін тигізді. Осындай тәрбиелік жұмыстар арқылы оқушылардың ата-анаға деген құрметі артып, мейірімділік, сыйластық, жауапкершілік сияқты қасиеттері қалыптаса түсті. Тәрбиелі, білімді, ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиелеу – барша қоғамның ортақ міндетті.

Қолданлған әдебиеттер тізімі

1.Педагогика – Алматы: Ана тілі, 1992.
2.Ахмет Байтұрсынұлы. Тәрбие және білім туралы тағылымды ойлар. – Алматы, 2003.
3.Жүсіпбек Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. – Алматы: Рауан, 1991.
4.Василий Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1976.
5.Антон Макаренко. Ата-аналар кітабы. – Алматы: Мектеп, 1985.
6. Отбасылық тәрбие негіздері: әдістемелік құрал. – Алматы, 2018.
7.Ұлттық тәрбие: оқу-әдістемелік құрал. – Өскемен, 2021.
8.Бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысының әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2019.

Келгенбаева Сымбат Төлеуқызы[1] - учитель казахского языка и литературы
Жумағалиева Жанар Бақытжанқызы[2] - учитель истории
[1,2]КГУ "Средняя школа № 27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

ДЮП «ОГОНЕК» КАК НАПРАВЛЕНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «АДАЛ АЗАМАТ»

«Безопасность — это не просто знание правил, а ответственность каждого человека за свою жизнь и жизнь окружающих.»

Современная школа сегодня решает не только образовательные задачи, но и играет важную роль в воспитании подрастающего поколения. Одним из приоритетных направлений воспитательной работы является формирование культуры безопасности, гражданской ответственности и уважительного отношения к обществу. Именно поэтому деятельность ДЮП (дружины юных пожарных) занимает важное место в системе воспитательной работы школы и тесно связана с реализацией программы «Адал азамат».

Программа «Адал азамат» направлена на воспитание честного, ответственного, дисциплинированного и социально активного гражданина. В современных условиях особенно важно формировать у обучающихся такие качества, как ответственность, взаимопомощь, уважение к труду, патриотизм и готовность действовать во благо общества. Работа ДЮП способствует развитию именно этих качеств через практическую деятельность, профилактическую работу и обучение основам безопасности жизнедеятельности.

Актуальность работы по пожарной безопасности обусловлена тем, что ежегодно происходят чрезвычайные ситуации, причиной которых становятся неосторожность, нарушение правил безопасности и недостаточная осведомлённость населения. Особенно важно обучать детей и подростков правильным действиям в чрезвычайных ситуациях, так как именно в школьном возрасте закладываются основы ответственного поведения и культуры безопасности.

Цель работы ДЮП «ОГОНЕК**»** — формирование у учащихся культуры безопасного поведения, развитие гражданской ответственности и воспитание личности в духе ценностей программы «Адал азамат».

Задачи:

1. формирование у учащихся знаний о правилах пожарной безопасности;
2. развитие навыков правильного поведения при возникновении чрезвычайных ситуаций;
3. воспитание дисциплинированности, ответственности и внимательности;
4. развитие навыков взаимопомощи и коллективного взаимодействия;
5. формирование уважительного отношения к профессии пожарного и спасателя;
6. профилактика несчастных случаев среди детей и подростков;
7. формирование активной гражданской позиции через участие в общественно полезной деятельности.

В реализации данного направления приняли участие учащиеся 6 и 8 классов. Работа проводилась систематически в течение учебного года и включала различные формы воспитательной деятельности: тематические беседы, викторины, практические занятия, инструктажи, конкурсы рисунков и плакатов, моделирование чрезвычайных ситуаций, просмотр обучающих видеоматериалов и проведение профилактических минуток безопасности.

Особое внимание уделялось практической направленности мероприятий. Учащиеся знакомились с алгоритмом действий при пожаре, правилами эвакуации, способами вызова экстренных служб, правилами поведения при задымлении помещений и мерами предосторожности при использовании электроприборов. Практические задания помогали детям не только закрепить теоретические знания, но и научиться действовать организованно и спокойно в сложных ситуациях.

В рамках работы ДЮП учащиеся 6 и 8 классов проводили профилактические беседы и «Минутки безопасности» для обучающихся начальных классов. Ребята самостоятельно подготавливали памятки, плакаты и информационные материалы по пожарной безопасности. Такая деятельность способствовала развитию у школьников лидерских качеств, ответственности и навыков общения с младшими учащимися.

Особый интерес вызвали мероприятия, направленные на знакомство с профессией пожарного и спасателя. В ходе бесед учащиеся обсуждали значение профессии пожарного в современном обществе, качества, которыми должен обладать настоящий спасатель: мужество, самоотверженность, дисциплина, готовность прийти на помощь людям. Подобная работа способствует воспитанию уважения к людям опасных профессий и формированию чувства патриотизма.

Работа ДЮП тесно связана с ценностями программы «Адал азамат». В процессе участия в мероприятиях учащиеся учатся понимать, что безопасность общества зависит от ответственности каждого человека. Формируются такие качества, как честность, дисциплинированность, уважение к окружающим, готовность оказать помощь и неравнодушное отношение к проблемам общества.

В ходе мероприятий школьники активно участвовали в обсуждении различных жизненных ситуаций, анализировали причины возникновения пожаров, предлагали пути предотвращения опасных ситуаций. Такая форма работы способствует развитию критического мышления, самостоятельности и умения принимать решения.

Большое значение в воспитательной работе имеет коллективная деятельность. Совместная подготовка мероприятий, участие в беседах и практических заданиях способствуют развитию сплочённости, взаимопонимания и навыков сотрудничества. Учащиеся учатся работать в команде, поддерживать друг друга и совместно решать поставленные задачи.

*Цель работы ДЮП «*ОГОНЕК*»:*

Формирование у обучающихся культуры безопасного поведения, развитие ответственности, дисциплинированности и социальной активности в рамках программы «Адал азамат».

*Задачи работы ДЮП «*ОГОНЕК*»:*

1. Формировать у учащихся знания о правилах пожарной безопасности и действиях в чрезвычайных ситуациях;
2. Развивать навыки взаимопомощи, ответственности и организованности;
3. Воспитывать уважительное отношение к профессии пожарного и спасателя;
4. Вовлекать обучающихся в профилактическую и общественно полезную деятельность по вопросам безопасности;
5. Формировать активную гражданскую позицию и культуру безопасности через практическую деятельность.

В начале 2025–2026 учебного года был составлен план работы ДЮП «ОГОНЕК». Учащиеся 6 и 8 классов принимали активное участие в проведении «Минуток безопасности», тематических бесед и профилактических мероприятий для учащихся начальных классов. Ребята самостоятельно готовили памятки, плакаты, викторины и информационные материалы по правилам пожарной безопасности. Для школьников данная деятельность стала не только полезным опытом, но и возможностью проявить ответственность, инициативу и лидерские качества. Учащиеся начальных классов с интересом участвовали в беседах, играх и практических заданиях по безопасности.

В рамках работы ДЮП используются разнообразные формы воспитательной деятельности: тематические акции, классные часы, викторины, практические занятия, конкурсы рисунков и плакатов, инструктажи, профилактические беседы и тренировки по эвакуации. Особое внимание уделяется практической направленности работы, позволяющей учащимся не только изучать правила пожарной безопасности, но и применять полученные знания в реальных жизненных ситуациях.

ПЛАН РЕАЛИЗАЦИИ РАБОТЫ ДЮП «ОГОНЕК» НА 2025–2026 УЧЕБНЫЙ ГОД

№	Название мероприятия	Сроки	Результат
1	«Номер пожарной службы 101»	Сентябрь	фотоотчёт, разработка
2	«Правила пожарной безопасности на осенних каникулах»	Октябрь	фотоотчёт, грамоты
3	«Средства пожаротушения»	Ноябрь	фотоотчёт, инструктаж
4	Правила пожарной безопасности на зимних каникулах «Осторожно,фейерверки»	Декабрь	фотоотчёт, памятки
5	Если, остался один дома!	Январь	выставка работ
6	Огонь и электричество	Февраль	фотоотчёт
7	Правила пожарной безопасности на весенних каникулах!	Март	инструктаж
8	Эвакуация при пожаре	Апрель	буклеты, памятки
9	Повторим правила	Май	фотоотчёт

Реализация работы ДЮП «ОГОНЕК» способствует формированию у обучающихся устойчивых навыков безопасного поведения, развитию ответственности и гражданской активности. Учащиеся приобретают практический опыт взаимодействия, учатся действовать грамотно и организованно в чрезвычайных ситуациях, осознают важность соблюдения правил безопасности в повседневной жизни.

Системная воспитательная работа по данному направлению помогает формировать личность, способную принимать ответственные решения, проявлять дисциплинированность и

заботу об окружающих. Работа ДЮП играет важную роль в воспитательной системе школы, способствуя формированию гармонично развитой личности в духе ценностей программы «Адал азамат».

Таким образом, деятельность ДЮП «ОГОНЕК» является важной частью воспитательной работы школы. Проведённые мероприятия способствуют формированию у учащихся культуры безопасности, развитию ответственности, дисциплины и активной гражданской позиции. Работа в рамках программы «Адал азамат» помогает воспитывать школьников как честных, сознательных и неравнодушных граждан, готовых соблюдать правила безопасности и заботиться о благополучии окружающих.

Список литературы

1. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Москва: Просвещение, 1977.
2. Макаренко А.С. Педагогическая поэма. – Москва: Художественная литература, 1988.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 1991.
4. Методические рекомендации по организации воспитательной работы в школе. – Астана, 2022.
5. Современные подходы к воспитанию школьников: сборник научных статей. – Алматы, 2021.





Костюкова Елена Викторовна[1] **-** учитель истории
Канатова Айгерим Канатовна[2] **-** учитель русского языка и литературы
[1,2]КГУ "Средняя школа № 27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

«ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И ГРАЖДАНСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПОДРОСТКОВ ЧЕРЕЗ РЕАЛИЗАЦИЮ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЕКТА «ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

Современное общество предъявляет высокие требования к уровню правовой культуры молодого поколения. В условиях социальных изменений, развития цифрового пространства и увеличения количества правонарушений среди несовершеннолетних особую значимость приобретает воспитание законопослушного, ответственного и социально активного гражданина.

В Послании Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана подчеркивается необходимость формирования новых общественных ценностей, правового сознания и гражданской ответственности молодежи. Именно поэтому вопросы правового воспитания подростков становятся одним из приоритетных направлений воспитательной работы школы [4].

Подростковый возраст является важным этапом становления личности. В этот период учащиеся учатся осознавать свои права и обязанности, анализировать последствия собственных поступков, принимать решения и нести за них ответственность. Однако не всегда подростки понимают, что многие нормы морали закреплены законодательством, а нарушение закона влечет за собой юридическую ответственность.

В связи с этим возникла необходимость создания воспитательного проекта, который позволил бы не только расширить правовые знания учащихся, но и сформировать устойчивую установку на соблюдение закона, уважение к правам человека и активную гражданскую позицию.

Воспитательный проект «Жеткіншектің жеті жарғы» был реализован в 2025–2026 учебном году среди учащихся 9 «Б» и 10 «А» классов КГУ «Средняя школа №27».

Целью проекта являлось: Формирование правовой культуры, законопослушного поведения и гражданской ответственности современных подростков через систему воспитательных мероприятий правовой направленности.

Были определены задачи проекта:

- познакомить учащихся с понятием «правовой статус подростка»;
- изучить основные документы, отражающие права и обязанности несовершеннолетних;
- формировать навыки социальной ответственности и правовой компетентности;
- способствовать социализации личности школьника;
- обеспечить доступ участников образовательного процесса к правовой информации;
- развивать уважительное отношение к законам и правопорядку;
- формировать у учащихся активную гражданскую позицию.

Работа в рамках проекта строилась на принципах системности, практической направленности, диалога и вовлеченности учащихся в активную деятельность. Особое внимание уделялось интерактивным формам работы, позволяющим подросткам не только получать правовые знания, но и применять их в жизненных ситуациях.

В течение учебного года были организованы и проведены тематические воспитательные мероприятия.

В ходе реализации проекта использовались разнообразные формы воспитательной деятельности[7]:

- классные часы;

- правовые игры;
- круглые столы;
- дискуссии и дебаты;
- профилактические беседы;
- анализ жизненных ситуаций;
- работа в группах;
- интерактивные задания;
- просмотр и обсуждение видеоматериалов.

ПЛАН РЕАЛИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЕКТА «ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫ» НА 2025 – 2026 УЧЕБНЫЙ ГОД

№	Название мероприятие	Сроки	Результат
1	Классный час на тему: «Подросток и его права в современном обществе».	Сентябрь	фото отчет, разработка
2	Классный час на тему: «Подросток и ответственность».	Октябрь	фото отчет, разработка
3	Правовая игра «Знаешь ли ты свои права?»	Ноябрь	фото отчет, разработка
4	Круглый стол: «Конвенция о правах ребенка. Знаю ли я ее?»	Декабрь	фото отчет, разработка
5	Классный час на тему: «Ответственность и безответственность. Что прячется за этим?»	Январь	фото отчет, разработка
6	Беседа на тему: «Что делать если подросток нарушил закон?»	Февраль	фото отчет, разработка
7	Круглый стол: «Закон и необходимость его соблюдения»	Март	фото отчет, разработка
8	Дискуссия на тему: «Страна, в которой мне хотелось бы жить»	Апрель	фото отчет, разработка
9	Правовая игра «Правовой лабиринт».	Май	фото отчет, разработка

Использование активных методов обучения позволило повысить мотивацию учащихся, сформировать навыки сотрудничества, критического мышления и правового анализа. Особую эффективность показали игровые формы работы. Правовая игра «Знаешь ли ты свои права?» позволила учащимся в доступной форме закрепить знания о правах и обязанностях несовершеннолетних, научиться работать в команде и аргументировать собственную точку зрения. Значимым мероприятием стал круглый стол «Конвенция о правах ребенка. Знаю ли я ее?». В ходе обсуждения подростки пришли к выводу, что права человека неразрывно связаны с обязанностями и ответственностью. В рамках профилактической работы была проведена беседа «Что делать, если подросток нарушил закон?». Учащиеся познакомились с видами юридической ответственности несовершеннолетних, а также рассмотрели пути предупреждения правонарушений. Дискуссионные формы работы способствовали развитию критического мышления и гражданской активности подростков. Во время обсуждения темы «Страна, в которой мне хотелось бы жить» учащиеся рассуждали о роли закона, справедливости, правах человека и ответственности граждан перед обществом.

Великий казахский просветитель Абай Кунанбаев писал: *«Человек становится человеком только через разум, знания, честь и совесть».* [6]

Данная цитата особенно актуальна в вопросах правового воспитания, поскольку формирование законопослушного поведения невозможно без развития нравственных качеств личности.

Также важным ориентиром в реализации проекта стали слова французского философа Шарля Монтескье:

«Свобода есть право делать всё, что дозволено законом». Эта мысль помогла учащимся осознать взаимосвязь свободы, ответственности и соблюдения закона.

В ходе реализации воспитательного проекта были достигнуты положительные результаты:

- повысился уровень правовой грамотности учащихся;
- сформировалось более ответственное отношение к своим поступкам;
- возрос интерес школьников к вопросам права и гражданской ответственности;
- учащиеся научились анализировать правовые ситуации и находить пути их решения;
- повысился уровень социальной активности подростков;
- укрепились навыки сотрудничества, дискуссии и командной работы;
- были созданы методические материалы и разработки воспитательных мероприятий.





Проект способствовал формированию у подростков уважительного отношения к законам Республики Казахстан, понимания своих прав и обязанностей, а также развитию правосознания.

Реализация воспитательного проекта «Жеткіншектің жеті жарғы» показала, что системная и практико-ориентированная работа по правовому воспитанию является эффективным средством формирования гражданской ответственности подростков.

Наиболее результативными оказались интерактивные формы работы: правовые игры, дискуссии, круглые столы и анализ жизненных ситуаций. Именно такие формы позволяют подросткам не только получать теоретические знания, но и применять их в реальной жизни.

В процессе реализации проекта учащиеся стали более осознанно относиться к вопросам права, ответственности и соблюдения закона. Повысился уровень вовлеченности школьников в воспитательные мероприятия, улучшились навыки коммуникации и взаимодействия.

Таким образом, правовое воспитание подростков является важной составляющей современной системы образования. Формирование уважительного отношения к закону, развитие гражданской ответственности и правового сознания способствует воспитанию активного, законопослушного и социально ответственного гражданина Республики Казахстан.

Проект «Жеткіншектің жеті жарғы» стал эффективной платформой для развития правовой культуры учащихся, их социальной активности и гражданской позиции. Полученный опыт подтверждает необходимость дальнейшего развития подобных воспитательных инициатив в школьной среде.

Список литературы:

1.Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» от 29 апреля 2010 года №271-IV.

2.Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года №319-III.

3.Конвенция ООН о правах ребенка. – Нью-Йорк, 1989.

4.Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм». – Астана, 2024.

5. Единая программа воспитания «Адал азамат». – Астана: Министерство просвещения РК, 2024.

Магауиянова Айаулым Ануаровна[1] - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Муканов Бек Шынгазинович[2] - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
[1,2]ШҚО білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№27 орта мектебі» КММ

БІР ЖҮРЕКТЕН – МЫҢ ҮМІТ: «ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

«Қамқор» мейірімділік пен жауапкершілікке тәрбиелеу жолы«Білім берудің ұлы мақсаты – тек білім ғана емес, ең алдымен әрекет.»
Н. И. Мирон

«Қамқор» тәрбиелік жобасының мәні қазіргі қоғамда назар аударуды және көмекті қажет ететін көптеген әлеуметтік және экологиялық мәселелердің болуымен байланысты.Қазіргі қоғам технологиялық дамуға қарамастан, әлеуметтік оқшаулану мәселесімен бетпе-бет келіп отыр. Әсіресе қарт адамдар жиі жалғыз қалып, жеткілікті әлеуметтік қолдауға мұқтаж болады. Жаһандану және технологиялық өзгерістер жағдайында қамқорлық, мейірімділік, жанашырлық және ынтымақтастық сияқты моральдық-этикалық құндылықтарды қолдау және дамыту маңызды. «Қамқор» жобасы өзара көмек пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл қоғамның адамгершілігі мол әрі әділетті болып қалуы үшін өте өзекті.

Соңғы жылдары волонтерлік қызметке және азаматтық белсенділікке деген қызығушылықтың артуы байқалады. Адамдар әлеуметтік жобаларға жеке үлес қосудың және өзгелерге көмектесудің маңызын жиі түсіне бастады. «Қамқор» жобасы осы күш-жігерді жұмылдырып, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдардың қажеттіліктеріне бағыттауға көмектеседі.

Жобаның мақсаты

«Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы қамқорлық, мейірімділік, жанашырлық, ынтымақтастық, тазалық сияқты құндылықтарды дарыту.

Міндеттері

- педагогтерді, оқушыларды және ата-аналарды волонтерлік қызмет арқылы жобаға қатысуға тарту;
- ұрпақтар сабақтастығын нығайту, әлеуметтік жалғыздық пен қарым-қатынас тапшылығын азайту;
- табиғат пен қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін қалыптастыру;
- тұлғаның адамгершілік-экологиялық ұстанымын қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесудегі жеке экологиялық бағытталған тәжірибесін дамыту.

«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет бағдарламасы — бұл педагогтер мен оқушыларды мектептің мұқтаж жандарға көмек көрсету, әлеуметтік, экологиялық және мәдени мәселелерді шешуге жәрдемдесу бағытындағы белсенді қызметіне тартуға арналған бастама.

амға қызмет ету» бағдарламасы әрбір адам ортақ игілікке өз үлесін қосатын, бірлігі жарасқан және жауапты қоғам қалыптастыруға бағытталған.

«Қамқор» мектеп жобасының мақсаты

Білім алушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қамқорлық, жауапкершілік, мейірімділік және әлеуметтік белсенділік сезімдерін дамыту.

«Қамқор» мектеп жобасының міндеттері

1. Оқушылардың жанашырлық сезімін және айналасындағы адамдарға құрметпен қарауын дамыту;
2. Өзара көмек көрсету және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру;
3. Білім алушыларды волонтерлік және қоғамға пайдалы қызметке тарту;
4. Мектеп, отбасы және қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

2025–2026 оқу жылының басында «Қамқор» мектеп жобасының жұмыс жоспары жасалды. 5-сынып оқушылары топтарға бөлініп, бастауыш сынып оқушылары үшін «Ойын үзілістері», «Қауіпсіздік минуттары» іс-шараларын өткізді. Балалар өз бетінше плакаттар дайындап, кіші сынып оқушыларына арналған ойындар мен сыйлықтар әзірледі.

Оқушылар үшін қоғамдық жұмыс үлкен қуаныш сыйлады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары қауіпсіздік туралы баяндамаларды қызығушылықпен тыңдап, ойындарға белсене қатысты.

Жоба аясында әртүрлі жұмыс түрлері қолданылады: акциялар, сынып сағаттары, тренингтер, қайырымдылық іс-шаралары, экологиялық сенбіліктер және волонтерлік бастамалар. Оқушылардың құндылықтарды тек меңгеріп қана қоймай, оларды нақты өмірде іске асыруына мүмкіндік беретін практикалық қызметке ерекше назар аударылады.

2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫ ҮШІН «ҚАМҚОР» ТӘРБИЕ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Нәтижесі
1	«Қамқор жобасы дегеніміз не?» тақырыбында әңгіме өткізу	Қыркүйек	Фотоесеп, әзірлеме
2	«Волонтерлік қызмет» тақырыбында сынып сағаты	Қазан	Фотоесеп, әзірлеме
3	«Қамқор» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын үзілістерін ұйымдастыру	Қараша	Фотоесеп, әзірлеме
4	«Қамқор» мектеп жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Менің қауіпсіз демалысым» тақырыбында әңгіме өткізу	Желтоқсан	Фотоесеп, әзірлеме
5	«Ізгі ниет – игі істер – жарқын өмір!» тақырыбында сынып сағаты	Қаңтар	Фотоесеп, әзірлеме
6	«Қамқор» мектеп жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Жақсы деген немене? Жаман деген немене?» тақырыбында әңгіме өткізу	Ақпан	Фотоесеп, әзірлеме
7	«8 наурыз мерекесінің тарихы» тақырыбында сынып сағаты	Наурыз	Фотоесеп, әзірлеме
8	«Қамқор» мектеп жобасы аясында сенбіліктер өткізу, бастауыш сынып оқушыларымен «Айналамыздағы әлем» тақырыбында әңгіме жүргізу	Сәуір	Фотоесеп, әзірлеме
9	«Қамқор» мектеп жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігім» тақырыбында әңгіме өткізу	Мамыр	Фотоесеп, әзірлеме

Қамқор жобасының аясында «Ізгі ниет – игі істер – жарқын өмір!» 5 «Б» сынып





2025–2026 оқу жылында «Қамқор» тәрбиелік жобасын жүзеге асыру білім алушылардың бойында тұрақты адамгершілік бағдарларды қалыптастыруға, жанашырлық, жауапкершілік және әлеуметтік белсенділікті дамытуға ықпал етеді. Іс-шараларды өткізу барысында оқушылар жақындарына қамқорлық жасау, қоғамдық маңызы бар қызметке және волонтерлік қозғалысқа қатысу бойынша практикалық тәжірибе жинақтайды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл, сондай-ақ мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара байланыс тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. «Қамқор» жобасы ынтымақтастыққа қабілетті, адамгершілік таныта алатын және белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылардың тәрбиелік деңгейі артып, мектеп қауымдастығы нығаяды, өзара көмек пен құрмет мәдениеті дамиды деп күтіледі. «Қамқор» мектептің тәрбие жүйесінде маңызды рөл атқарады. Жоба қазіргі қоғамда өмір сүруге дайын, адамгершілік, жауапкершілік және белсенді азаматтық ұстаным таныта алатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сухомлинский В.А. *Балаларға жүрек жылуы*. – Мәскеу: Просвещение, 1977.
2. Макаренко А.С. *Педагогикалық поэма*. – Мәскеу: Художественная литература, 1988.
3. Божович Л.И. *Балалық шақтағы тұлға және оның қалыптасуы*. – Мәскеу: Педагогика, 2008.
4. Выготский Л.С. *Педагогикалық психология*. – Мәскеу: Педагогика, 1991.
5. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2022.
6. Оқушыларды тәрбиелеудің заманауи тәсілдері: ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2021.

Рысбекова Ақмарал Рысбеккызы[1] - физика пәні мұғалімі
Дмитриева Ирина Владимировна[2] - физика пәні мұғалімі
[1,2]ШҚО білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№27 орта мектебі» КММ

«ЛАДЬЯ» ШАХМАТ ҮЙІРМЕСІ

Шахмат – адамзат тарихындағы ең көне әрі ең танымал зияткерлік ойындардың бірі. Бұл ойын адамның логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауын, зейінін және сабырлылығын дамытады. Қазіргі таңда шахмат көптеген елдерде білім беру жүйесіне енгізіліп, оқушылардың интеллектуалдық деңгейін көтерудің тиімді құралы ретінде қарастырылуда. Мектебімізде ұйымдастырылған «Ладья» шахмат үйірмесі де осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Үйірмеге шахмат ойынын енді үйреніп жүрген оқушылар қатысып, ойынның бастапқы ережелерінен бастап, күрделі тәсілдерге дейін меңгереді.

Үйірменің мақсаты мен міндеттері

«Ладья» шахмат үйірмесінің негізгі мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, оларды зияткерлік ойын арқылы тәрбиелеу және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру. Үйірме барысында оқушылар шахмат фигураларының жүру ережелерін, ойын тактикасын, қарапайым комбинациялар мен стратегияларды үйренеді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеті артып, өз бетінше шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Үйірме жұмысының тағы бір маңызды міндеті – балаларды шыдамдылыққа, тәртіпке, қарсыласын құрметтеуге және жеңіске деген ұмтылысқа тәрбиелеу.

Шахматтың оқушыға пайдасы



Шахмат ойыны оқушылардың жан-жақты дамуына үлкен әсер етеді. Ең алдымен, ойын барысында балалар әр қадамын ойланып жасауға дағдыланады. Бұл олардың математика, физика сияқты пәндерді меңгеруіне көмектеседі. Шахмат есте сақтау қабілетін жақсартып, зейінді арттырады. Оқушылар қарсыласының әрекетін болжай отырып, бірнеше қадам алға ойлауға үйренеді. Сонымен қатар шахмат эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырып, жеңіліс пен жеңісті дұрыс қабылдауға тәрбиелейді. Үйірмеге қатысатын балалар уақытты тиімді пайдалануды, мақсат қоюды және сол мақсатқа жету жолдарын жоспарлауды меңгереді.

Үйірме сабақтарының ерекшелігі

«Ладья» шахмат үйірмесінің сабақтары қызықты әрі танымдық түрде өткізіледі. Әр сабақта оқушылар жаңа тақырыппен танысып, практикалық тапсырмалар орындайды. Мысалы, фигуралардың қозғалысын үйрену, шахматтық комбинациялар құрастыру, мат қою тәсілдерін меңгеру сияқты жұмыстар жүргізіледі. Сабақ барысында интерактивті әдістер, топтық ойындар және шағын жарыстар ұйымдастырылады. Бұл балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтеді. Оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алады.



Жарыстар мен жетістіктер

Үйірме аясында түрлі шахмат турнирлері мен сайыстар өткізіліп

тұрады. Мұндай жарыстар оқушылардың білімін шыңдап қана қоймай, олардың өз күшіне деген сенімін арттырады. Жарыс барысында балалар қарсыластарымен әділ ойнап, спорттық мәдениетті сақтауға үйренеді. Жеңімпаздар марапатталып, белсенді қатысушыларға алғыс білдіріледі. Бұл оқушылардың шахматқа деген қызығушылығын одан әрі арттыра түседі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, «Ладья» шахмат үйірмесі – оқушылардың интеллектуалдық дамуына үлкен үлес қосатын маңызды үйірмелердің бірі. Шахмат ойыны балаларды тек ойлауға ғана емес, сабырлылыққа, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелейді. Үйірме арқылы оқушылар бос уақыттарын пайдалы өткізіп, жаңа достар тауып, өз қабілеттерін дамытады. Болашақта осындай үйірмелердің саны артып, оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға кең мүмкіндік береді деген сенім мол.

Нысанова Алия Сеитовна[1] - бастауыш сынып мұғалімі
Торпақова Еркежан Оралбековна[2] - бастауыш сынып мұғалімі
[1,2]ШҚО білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№27 орта мектебі» КММ

«АНАЛАР МЕКТЕБІ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРДАСЫ»

«Ана – бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген халық даналығы ананың қоғамдағы орны мен тәрбиедегі рөлін айқын көрсетеді. Ұлттың болашағы – тәрбиелі ұрпақ болса, сол ұрпақтың бойына ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін сіңіретін ең алдымен – ана. Сондықтан да отбасы тәрбиесінің негізін нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Осы мақсатта Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№27 орта мектебі» КММ-де 2017 жылдан бастап «Аналар мектебі» жобасы өз жұмысын табысты жалғастырып келеді. Бұл жоба педагогикалық кеңестің шешімімен құрылып, бүгінгі күні отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтатын маңызды рухани алаңға айналды.



«Аналар мектебі» – тек аналарға арналған жиын емес, ол ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтардың ордасы. Мұнда аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі артып қана қоймай, жас ұрпақтың бойына салт-дәстүр, әдептілік, мейірімділік, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттер сіңіріледі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін осындай тәрбиелік мәні зор жобалардың маңызы ерекше.

Мектепте «Аналар мектебінің» жұмысы арнайы бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде тоғыз рет өткізілетін кездесулер барысында аналар мектеп өміріне белсене араласып, балаларымен бірге түрлі тәрбиелік және шығармашылық жұмыстарға қатысады. Әрбір басқосу – ана мен бала арасындағы рухани байланысты нығайтатын ерекше сәт.

Жобаның басты ерекшелігі – теория мен тәжірибенің ұштасуында. Кездесулер барысында аналар педагогикалық кеңестер тыңдап қана қоймай, балаларымен бірге қолөнер жұмыстарын орындайды. Жапсыру, мүсіндеу, ою-өрнек жасау, ұлттық бұйымдар дайындау сияқты шығармашылық жұмыстар балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, эстетикалық

талғамын қалыптастырады. Сонымен қатар, табиғи материалдармен жұмыс жасау арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен еңбекке баулу жүзеге асады.

«Аналар мектебінде» ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріледі. Әр іс-шара барысында халқымыздың салт-дәстүрлері насихатталып, ұлттық өнер мен мәдениет дәріптеледі. Балалар аналарымен бірге ою ойып, ұлттық нақыштағы бұйымдар жасағанда, олардың бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезім қалыптасады. Бұл – ұлт тәрбиесінің негізі. Осы мақсатта 2 «А», 2 «Ә» сыныптарындағы жүргізіліп отырған «Шебер қолдар» үйірмесінің негізгі мақсаты отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту және отбасылық жақсы тәрбиенің тәжірибесін насихаттау, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Тоғыз ай бойы жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде аналардың педагогикалық мәдениеті артып, балалардың мектепке бейімделуі мен танымдық белсенділігі жақсарғаны байқалды. Осындай кездесулер арқылы ата-ана мен мектеп арасындағы сенім нығайып, балалар тәрбиесіне деген жауапкершілік арта түсті.

Қорыта келе, «Аналар мектебі» — ұлт тәрбиесінің алтын арқауын жалғап, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын тағылымы мол жоба. Бұл бастама арқылы аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі артып қана қоймай, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтар, адамгершілік қасиеттер мен рухани мәдениет қалыптасады. Ана мен бала арасындағы сыйластық пен мейірімге негізделген мұндай кездесулер оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың мектеп өміріне белсенді бейімделуіне оң ықпал етеді.





«Аналар мектебінің» басты жетістігі — тәрбиені тек сөз жүзінде емес, нақты іс-әрекет арқылы жүзеге асыруында. Қолөнер, шығармашылық жұмыстар, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау арқылы балалар туған халқының мәдениетін құрметтеуге, еңбеккорлық пен әдептілікке тәрбиеленеді. Осындай игі шаралар нәтижесінде мектепте рухани құндылықтарға негізделген тәрбиелік орта қалыптасып келеді.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтап, саналы да парасатты ұрпақ тәрбиелеу — баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы тұрғыдан алғанда, «Аналар мектебі» — ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосатын маңызды тәрбие мектебі. Себебі тәрбие тал бесіктен басталады, ал оның негізін қалаушы — ана. Сондықтан ананың өнегесі мен тәрбиесін ардақтау, отбасы құндылықтарын дәріптеу — келешек ұрпақтың жарқын болашағына жасалған үлкен қадам.

Саналы ана тәрбиелеген ұрпақ қана елінің қамын ойлайтын, ұлттық рухы биік, білімді де тәрбиелі азамат болып қалыптасады. Ендеше, «Аналар мектебі» алдағы уақытта да ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтардың шамшырағы болып, жас ұрпақтың бойына ізгілік пен парасаттылық дәнін себе бермек.

Моисеева Наталья Николаевна[1] - учитель математики
Байгундинова Аяулым Есенбекқызы[2] - учитель труда
Абдрахманова Арайлым Кәбдікәрімқызы[3] - учитель биологии
[1,2,3]КГУ "Средняя школа № 27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

ТӘРБИЕ ЖОБАСЫ: «ЕҢБЕГІ АДАЛ - ЖАС ӨРЕН»

«Труд – отрада, лень – жестокий бич»
Абай Кунанбаев

Введение

В целях широкой пропаганды культуры честного труда и трудолюбия реализуется проект «Еңбегі адал - жас өрен».

Седьмой класс — это период перехода от учебной деятельности как основной к социально значимой. В этом возрасте важно сформировать у учащихся понимание того, что честный труд является не только источником материального блага, но и основой личностного роста. Проект был разработан для того, чтобы перевести абстрактное понятие «трудолюбие» в плоскость конкретных и полезных дел.

Актуальность проекта

Современный мир предлагает массу быстрых решений, что иногда создает у подростков иллюзию «легкого успеха». Проект направлен на формирование осознанного отношения к труду, где честность и усердие являются главными критериями ценности человека.

Цель проекта:

Повысить уровень осознанного отношения к труду у учащихся через практические и творческие мероприятия, направленные на формирование трудолюбия и уважения к результатам честного труда.

Задачи проекта:

1.Формировать у обучающихся представление о значении честного и добросовестного труда в жизни человека и общества.

2.Формировать навыки коллективной и индивидуальной ответственности при выполнении трудовых заданий.

3. Развивать положительное отношение к выполнению трудовых поручений и обязанностей в школе и дома.

Основная часть

Воспитание трудолюбия у современных подростков — это не только физическая активность, но и формирование правильных жизненных ценностей. В рамках проекта «Воспитание честного труда и трудолюбия» в 7 классе была проведена серия мероприятий, направленных на развитие ответственности и уважения к созидательной деятельности.

Тәрбиелік сабақтастықты қамтамасыз етудегі негізгі тұлғалардың бірі – педагогтер қауымы. Тәрбиеші мен мұғалім арасындағы кәсіби байланыс баланың жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Өйткені әр педагог баланың белгілі бір кезеңдегі даму ерекшелігін бақылап, оның қабілеті мен мінезіндегі өзгерістерді анықтайды. Егер бұл мәліметтер жүйелі түрде алмасып отырса, баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады. Қазіргі таңда кейбір білім беру ұйымдарында педагогтер арасындағы өзара тәжірибе бөлісу жұмыстары жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылып келеді. Мұндай жағдайда тәрбиелік жұмыстардың бірізділігі бұзылады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер арасында тұрақты семинарлар, әдістемелік кездесулер, ашық сабақтар ұйымдастыру маңызды. Бірлескен педагогикалық кеңестер барысында бала тәрбиесіне қатысты ортақ мәселелер талқыланып, тиімді шешімдер қабылдануы тиіс. Әсіресе мектепке енді баратын балалардың психологиялық даярлығын анықтау мәселесінде тәрбиешілер мен мұғалімдердің ортақ жұмысы қажет. Кей балалар жаңа ортаға тез бейімделсе, енді біреулері ұзақ уақыт бойы қорқыныш пен сенімсіздік сезімін бастан өткереді. Осындай ерекшеліктер алдын ала ескерілген жағдайда ғана балаға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік туады. Педагогтердің өзара ынтымақтастығы кәсіби мәдениеттің де көрсеткіші болып саналады. Себебі сапалы тәрбие бір адамның емес, тұтас педагогикалық ұжымның ортақ еңбегі арқылы қалыптасады.

Баланың мектепке психологиялық тұрғыдан даяр болуы оның болашақтағы оқу жетістігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Көп жағдайда ата-аналар баланың әріп танып, санай білуін ғана мектепке дайындық деп есептейді. Алайда шынайы дайындықтың мазмұны әлдеқайда терең. Бала жаңа ортаға бейімделуге, мұғалім талабын қабылдауға, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, өз әрекетін бақылауға дайын болуы қажет. Бұл қасиеттердің қалыптасуына балабақша мен мектептің бірлескен жұмысы зор ықпал етеді. Егер мектеп мұғалімдері болашақ бірінші сынып оқушыларымен алдын ала танысып, түрлі бейімдеу шараларын ұйымдастырса, балалардың қорқынышы азаяды. Мектепке экскурсия жасау, бастауыш сынып мұғалімдерімен кездесу өткізу, ортақ мерекелік шаралар ұйымдастыру – бейімделудің тиімді жолдары. Мұндай іс-шаралар балада мектеп туралы

жағымды көзқарас қалыптастырады. Сонымен бірге ата-аналардың да педагогикалық мәдениетін арттыру маңызды мәселе болып табылады. Кейбір ата-аналар баланың эмоциялық күйіне назар аудармай, тек үлгерімге басымдық береді. Бұл бала психологиясына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан тәрбиешілер мен мұғалімдер ата-аналармен жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Бала тәрбиесіндегі үштік одақ – ата-ана, тәрбиеші, мұғалім – өзара сенім мен құрметке негізделгенде ғана нәтижелі жұмыс қалыптасады. Мұндай ынтымақтастық баланың тұлғалық тұрақтылығын күшейтіп, оның әлеуметтік ортаға сенімді бейімделуіне жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Балабақша мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайтуда цифрлық платформалардың да мүмкіндігі зор. Ортақ электрондық портфолио жүргізу, ата-аналармен онлайн байланыс орнату, педагогтердің виртуалды әдістемелік қауымдастықтарын қалыптастыру арқылы тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға болады. Цифрлық технологиялар педагогтер арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетеді әрі баланың даму траекториясын жүйелі бақылауға мүмкіндік береді. Дегенмен технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану барысында адамгершілік құндылықтар екінші орынға ығыспауы қажет. Тәрбие үдерісіндегі басты фактор – тірі қарым-қатынас пен эмоционалдық қолдау. Баланың ішкі жан дүниесін түсіну тек техникалық құралдар арқылы жүзеге аспайды. Сондықтан инновация мен дәстүрлі тәрбиенің үйлесімді байланысын сақтау маңызды. Бүгінгі бала ақпараттық кеңістікте еркін өмір сүргенімен, оның рухани тұрақтылығы мен адами қасиеттері педагогтердің бағыт-бағдары арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда балабақша мен мектептің бірлескен цифрлық жобалары тәрбиелік жұмыстардың сапасын арттыруға ықпал етеді. Ортақ шығармашылық байқаулар, онлайн кездесулер, ата-аналарға арналған вебинарлар тәрбиелік байланысты жаңа деңгейге көтереді. Мұндай жұмыстар педагогтердің кәсіби белсенділігін арттырып қана қоймай, ата-аналардың да білім беру процесіне деген жауапкершілігін күшейтеді. Тәрбие жүйесінің заманауи талаптарға бейімделуі қоғамдағы өзгерістерге сәйкес үздіксіз жаңарып отыруы тиіс.

Балабақша мен мектеп арасындағы серіктестік – тек білім беру ұйымдарының байланысы емес, бұл баланың болашағына бағытталған ортақ жауапкершілік. Қазіргі кезеңде тәрбиенің сапасы қоғамның даму деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің біріне айналып отыр. Саналы, білімді, рухани бай ұрпақ қалыптастыру үшін тәрбие жұмысы үздіксіз әрі жүйелі жүргізілуі қажет. Осындай тұтастықтың негізі балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық арқылы қаланады. Егер бала бір ортадан екінші ортаға өткенде өзіне таныс құндылықтарды, түсінікті қарым-қатынасты, тұрақты қолдауды сезінсе, оның ішкі сенімділігі артады. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясының қалыптасуына және тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Педагогтердің кәсіби ынтымақтастығы мен ата-аналардың белсенді қатысуы тәрбиенің нәтижелілігін бірнеше есе күшейтеді. Әрбір тәрбиеші мен мұғалім баланың тағдырына жауапты екенін терең сезінуі қажет. Себебі бүгінгі бүлдіршін – ертеңгі елдің интеллектуалдық және рухани әлеуетін қалыптастыратын азамат. Сондықтан тәрбие мәселесіне формалды көзқараспен қарауға болмайды. Балабақша мен мектеп арасындағы үйлесімді серіктестік сақталған жағдайда ғана қоғам сұранысына жауап бере алатын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Тәрбиенің сапасы – мемлекеттің болашағының сапасы екендігін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстар әрдайым жүйелі түрде жетілдіріліп отыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (жаңа редакция). – Астана, 2024.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2022.
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – Санкт-Петербург: Питер, 2020. – 398 с.

Бахвадинова Олеся Евгеньевна[1] - учитель русского языка и литературы
Мешелова Гульнар Зиятбековна[2] - учитель художественного труда
КГУ "Средняя школа № 27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

ПРОЕКТ «ЖАС АСПАЗ» («МОЛОДОЙ ПОВАР») — ПУТЬ К МАСТЕРСТВУ, ТВОРЧЕСТВУ И ОТВЕТСТВЕННОСТИ

В рамках реализации программы «Адал Азамат», направленной на воспитание честных, трудолюбивых и ответственных граждан, в нашей школе успешно реализуется проект «Жас Аспаз» («Молодой повар»), который уже успел завоевать интерес и признание среди учащихся.

Руководителями проекта являются Мешелова Гульназ Зиятбековна, классный руководитель 8 «А» класса, и Бахватдинова Олеся Евгеньевна, классный руководитель 8 «Д» класса. Благодаря их инициативе и поддержке учащиеся получают возможность не только освоить основы кулинарного мастерства, но и приобрести важные навыки, необходимые в повседневной жизни.

Проект «Жас Аспаз» («Молодой повар») объединяет ребят, которые с большим интересом погружаются в мир кулинарного искусства. На занятиях школьники знакомятся с технологией приготовления различных блюд, изучают правила санитарии и техники безопасности, учатся правильно организовывать рабочее пространство, распределять обязанности и работать в команде.

Особое внимание уделяется воспитанию культуры питания, популяризации здорового образа жизни и знакомству с национальными традициями. Учащиеся узнают о принципах сбалансированного питания, полезных свойствах продуктов, а также готовят блюда казахской кухни, приобщаясь к богатому культурному наследию своей страны.

Проект способствует развитию творческого мышления, аккуратности, самостоятельности и дисциплины. Каждый участник может проявить фантазию в оформлении блюд, попробовать новые рецепты и почувствовать уверенность в своих силах. Для многих школьников участие в проекте становится не только интересным увлечением, но и первым шагом к выбору будущей профессии.

Проект «Жас Аспаз» («Молодой повар») — это не просто обучение кулинарным навыкам, а важная часть воспитательной работы, направленной на формирование настоящих адал азаматов — людей, уважающих труд, умеющих брать ответственность и стремящихся приносить пользу обществу.



Иманкулова Айнаш Тлеухановна
Учитель английского языка
КГУ "Средняя школа № 27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

КРУЖОК ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА «VOYAGE EN FRANÇAIS»

Аннотация: В данной статье рассказывается о работе французского кружка в школе для учащихся 5–9 классов. Рассматриваются цели и задачи кружка, особенности проведения занятий, а также значение изучения французского языка для школьников. Особое внимание уделяется развитию интереса к иностранным языкам, расширению кругозора учащихся и знакомству с культурой Франции. В статье подчёркивается, что занятия проходят в увлекательной и творческой форме, способствуя развитию коммуникативных навыков, памяти и познавательной активности учащихся.

Ключевые слова: французский язык, французский кружок, учащиеся, иностранные языки, обучение, школа, культура Франции, развитие речи, творческие задания, познавательная деятельность.

В нашей школе большое внимание уделяется изучению иностранных языков. Одним из самых интересных направлений является французский кружок для учащихся 5–9 классов. Французский язык считается языком красоты, культуры, искусства и международного общения. Всё больше школьников проявляют интерес к его изучению, ведь знание иностранных языков открывает перед человеком новые возможности и помогает лучше понимать мир.

Французский кружок объединяет ребят, которые хотят узнать больше о Франции, её культуре, традициях и языке. На занятиях учащиеся знакомятся с основами французского языка, учатся правильно произносить слова, строить предложения и общаться на простые темы. Для многих учеников французский язык становится настоящим открытием, потому что он звучит необычно, красиво и мелодично.

Главная цель кружка — сделать процесс изучения языка интересным, увлекательным и доступным для каждого ученика. Занятия проходят в дружелюбной атмосфере, где каждый ребёнок может проявить себя. Ученики не только изучают грамматику и новые слова, но и выполняют различные творческие задания, участвуют в играх, викторинах, конкурсах и мини-проектах. Такой подход помогает детям легче запоминать материал и с удовольствием посещать кружок.

Особое внимание уделяется разговорной речи. Учащиеся учатся приветствовать друг друга, рассказывать о себе, своей семье, школе и увлечениях. Постепенно они начинают понимать простые французские фразы и использовать их в повседневной речи. Это помогает детям чувствовать уверенность в своих знаниях и повышает интерес к дальнейшему изучению языка.

Во время занятий школьники знакомятся с французской культурой и традициями. Они узнают о достопримечательностях Франции, известных городах, праздниках, кухне и знаменитых людях. Большой интерес у учащихся вызывают рассказы о Париже, Эйфелевой башне, Лувре и французской моде. Также дети с удовольствием слушают французские песни, смотрят познавательные видеоролики и учатся произносить красивые французские выражения.

Французский язык помогает учащимся расширять кругозор и развивать память. Изучение нового языка тренирует внимание, мышление и способность быстро запоминать информацию. Кроме того, дети становятся более уверенными в себе, учатся общаться, работать в команде и выражать свои мысли.

Кружок помогает школьникам развивать творческие способности. На занятиях ученики рисуют, создают проекты, готовят небольшие выступления и участвуют в различных

мероприятиях. Иногда проводятся тематические уроки, посвящённые французской культуре, искусству и традициям. Всё это делает обучение более ярким и запоминающимся.

Многие учащиеся отмечают, что занятия французским языком помогают им лучше понимать и другие иностранные языки. Некоторые слова похожи на английские, поэтому ученикам становится легче изучать новую лексику. Французский язык также помогает развивать правильное произношение и языковой слух.









Изучение французского языка открывает большие перспективы в будущем. Французский язык является одним из международных языков и используется во многих странах мира. Знание французского может пригодиться в путешествиях, учёбе, работе и общении с людьми из разных стран. Поэтому участие в кружке становится для учащихся полезным и важным опытом.

Наш французский кружок — это место, где каждый ученик может открыть для себя что-то новое и интересное. Здесь ребята не боятся ошибаться, учатся поддерживать друг друга и вместе делают первые шаги в изучении красивого французского языка. Благодаря интересным занятиям и дружеской атмосфере дети получают не только знания, но и положительные эмоции.

Мы уверены, что изучение французского языка поможет нашим учащимся стать более образованными, уверенными и успешными. Французский кружок продолжает развиваться и привлекать всё больше учеников, которые хотят отправиться в увлекательное voyage en français — путешествие в мир французского языка, культуры и новых возможностей.

Сазанбаева Гульжан Амировна[1] - учитель английского языка
Мәдениет Айбек Нұрланұлы[2] - учитель английского языка
[1,2]КГУ "Средняя школа №27" отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ И ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ КРУЖКА КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты организации кружка китайского языка в системе дополнительного образования средних общеобразовательных школ Республики Казахстан. Особое внимание уделяется специфике работы с учащимися 5–9 классов, интеграции технологий искусственного интеллекта в процесс планирования занятий, а также адаптации учебного материала для детей с особыми образовательными потребностями (ООП) в условиях инклюзивного класса. Автором предлагается комплексная модель факультативного обучения, направленная на развитие

межкультурной коммуникации и когнитивных способностей школьников в рамках Государственного общеобязательного стандарта образования (ГОСО).

Ключевые слова: полиязычие, китайский язык, дополнительное образование, инклюзивное образование, ООП, 5–9 классы, искусственный интеллект в педагогике, ГОСО РК

1. Введение

В условиях глобализации и стратегического партнерства Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой возрастает потребность в специалистах, владеющих китайским языком. Инициатива «Один пояс, один путь» диктует новые требования к языковой компетенции выпускников казахстанских школ. В рамках реализации Государственного общеобязательного стандарта образования (ГОСО) и принципов полиязычия, внедрение китайского языка как факультативного компонента представляет собой актуальную педагогическую задачу.

2. Методологическая база и специфика обучения в 5–9 классах

Обучение второму иностранному языку требует иных методических подходов. Основной упор в кружковой деятельности делается на коммуникативно-когнитивный подход и геймификацию. Особенности китайского языка (тоновая система и иероглифика) требуют развития фонематического слуха и визуально-пространственного восприятия. Для учащихся основной школы критически важно поддерживать высокую мотивацию через функциональное использование языка.

3. Интеграция искусственного интеллекта в планирование

Внедрение модулей генеративного искусственного интеллекта (ИИ) позволяет автоматизировать создание Краткосрочных (КСП) и Календарно-тематических планов (КТП). ИИ-инструменты применяются для генерации адаптированных текстов уровня HSK 1-2, создания интерактивных викторин и разработки индивидуальных образовательных маршрутов.

4. SWOT-анализ внедрения кружка

Внутренние факторы	Внешние факторы
Сильные стороны: • Развитие когнитивных навыков. • Конкурентное преимущество выпускников. • Адаптивность для инклюзии. Слабые стороны: • Дефицит адаптированных УМК. • Сложность тоновой системы. • Малое количество часов.	Возможности: • Использование AI для КСП/КТП. • Интеграция с финансовой грамотностью. • Международные гранты. Угрозы: • Снижение мотивации из-за иероглифов. • Когнитивная перегрузка. • Нехватка кадров.

5. Инклюзивный аспект и мнемотехника

Китайская иероглифика задействует правое полушарие мозга, что полезно для учащихся с дислексией. Эйдетика (мнемотехника) позволяет трансформировать заучивание в творческую игру.

Примеры:

• Человек (人) — визуальный образ идущего человека.

• Дерево (木) — ствол с ветвями. Лес (林) — два дерева.

6. Фрагмент практической реализации (КСП)

Тема: Цифры и покупки. Целевая аудитория: 6 класс.

Цель: Освоить счет 1-10 и фразу 'Сколько стоит?' (多少钱?).

Методы: Ролевая игра 'На рынке', использование жестов для цифр, сравнение цен в тенге и юанях.

7. Оценка эффективности

Для оценки применяется коэффициент усвоения знаний K = Σxi / (N * M), где xi — баллы учащихся, N — количество человек, M — макс. балл. Значение K > 0.7 свидетельствует об эффективности процесса.

8. Заключение

Кружок китайского языка является мощным инструментом интеллектуального развития и профориентации. Успех базируется на адаптивности программы (инклюзия), технологичности (AI) и культурной интеграции.

Список использованной литературы

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании».

2. Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования РК.

3. Применение технологий искусственного интеллекта в педагогической практике: методическое руководство / НАО «Өрлеу». — Астана, 2024.

4. Ван Л. Специфика преподавания китайского языка на начальном этапе. — Пекин, 2021.







Мункенова Клара Кудайбергеновна[1] - 8 «В» сынып жетекшісі
Оразғалиева Сауле Манарбековна[2] - 8 «Ә» сынып жетекшісі
[1,2]Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№27 орта мектебі» КММ




«СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК» – ӘР АДАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Кіріспе

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№27 орта мектебінде 2025-2026 оқу жылында 8 «Ә» 8 «В» сыныптардан "Айсберг" агитбригада құрылып, оқушылардың қатысуымен "Судағы қауіпсіздік" тақырыбында тәрбиелік шара ұйымдастырылды»

Су – тіршілік көзі. Адам өмірін сусыз елестету мүмкін емес. Су адам денсаулығын нығайтады, сергектік сыйлайды, демалыс пен спорттың маңызды бөлігі болып табылады. Әсіресе жаз мезгілінде балалар мен ересектер өзен-көлдерге, бассейндерге барып, уақыттарын көңілді өткізеді. Алайда су тек қуаныш сыйлап қана қоймай, қауіптің де көзі болуы мүмкін. Жыл сайын судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан көптеген қайғылы оқиғалар орын алады. Сондықтан судағы қауіпсіздік мәселесі бүгінгі таңда тәрбиелік бағыттағы маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.

Қазіргі қоғамда жас ұрпаққа тек білім беріп қана қоймай, олардың өмір қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Баланың өмірі мен денсаулығы – ең үлкен құндылық. Осыған байланысты мектепте, отбасында және қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру ерекше маңызға ие.

«Судағы қауіпсіздік» тақырыбы оқушыларға жауапкершілік, тәртіп, сақтық сияқты қасиеттерді тәрбиелейді. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, өз қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамауға үйретеді.

Судағы қауіпсіздіктің маңызы

Судағы қауіпсіздік – адам өмірін қорғауға бағытталған ережелер мен сақтық шараларының жиынтығы. Әсіресе балалар үшін бұл мәселе өте маңызды. Себебі балалар көбіне қызығушылықпен әрекет етеді, қауіптің деңгейін толық түсіне бермейді. Сондықтан олар су айдындарында қауіпсіздік талаптарын жиі бұзады.

Жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақыты көбейеді. Олар достарымен бірге суға шомылуға барады. Кей жағдайда үлкендердің қарауынсыз өзенге немесе көлге түсуі мүмкін. Мұндай әрекеттер қайғылы жағдайларға алып келеді.

Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау:

- адам өмірін сақтайды;
- төтенше жағдайлардың алдын алады;
- балаларды тәртіпке тәрбиелейді;
- жауапкершілік сезімін қалыптастырады;
- қауіп-қатерді алдын ала бағалауға үйретеді.

Қауіпсіздік мәдениеті адам өмірінің барлық саласында маңызды. Егер бала кішкентайынан қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренсе, болашақта да жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасады.

Балалардың судағы қауіпсіздігі

Балалардың судағы қауіпсіздігі – ата-аналар мен мұғалімдердің басты назарында болуы тиіс мәселе. Балалар ересектерге қарағанда суда тез қорқып қалады, кей жағдайда өз әрекетін басқара алмайды. Сондықтан оларды суға жібергенде ерекше бақылау қажет.

Көптеген қайғылы оқиғалар келесі себептерден болады:

- балалардың қараусыз қалуы;
- рұқсат етілмеген жерде шомылу;
- жүзуді білмеу;
- суда қауіпті ойындар ойнау;
- терең жерге түсіп кету;
- үрейге бой алдыру.

Балаларды қауіпсіздікке тәрбиелеу отбасынан басталады. Ата-аналар баласына судағы ережелерді үнемі түсіндіріп отыруы қажет. Мысалы:

1. Үлкендердің рұқсатынсыз суға түспеу;
2. Белгісіз жерге бармау;
3. Терең суға жақындамау;
4. Суда итерісіп ойнамау;
5. Қауіпті жағдайда айқайлап көмек шақыру.

Баланың қауіпсіздігі үшін үлкендердің бақылауы аса маңызды. Кейбір ата-аналар балаларын өз бетінше қалдырып кетеді. Бұл өте қауіпті әрекет. Тіпті жүзуді жақсы білетін баланың өзі де аяқ астынан қиын жағдайға тап болуы мүмкін.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелері

Суға шомылу кезінде әр адам белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Бұл ережелер адамның өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған.

1. Рұқсат етілген жерде ғана шомылу

Арнайы тексерілген жағажайларда құтқарушылар жұмыс істейді және су түбі қауіпсіз болады. Ал белгісіз жерлерде су астында тас, шұңқыр, темір немесе басқа да қауіпті заттар болуы мүмкін.

2. Жалғыз суға түспеу

Суға жалғыз бару қауіпті. Егер адамға аяқ астынан көмек қажет болса, жанында ешкім болмайды. Сондықтан әрқашан достарымен немесе үлкендермен бірге шомылған дұрыс.

3. Терең жерге бармау

Жүзуді жақсы білмейтін адам терең жерге бармауы керек. Көп жағдайда адамдар өз күшін дұрыс бағаламай, қиын жағдайға тап болады.

4. Қатты ағыс бар жерден сақ болу

Өзендердегі су ағысы адамды тез алып кетуі мүмкін. Сондықтан ағысы қатты жерлерде шомылуға болмайды.

5. Суда итерісіп ойнамау

Балалардың суда бірін-бірі итеруі немесе басын суға батыруы өте қауіпті. Мұндай ойындар адамның тұншығуына себеп болуы мүмкін.

6. Белгісіз жерге секірмеу

Көп жағдайда адамдар су түбін тексермей суға секіреді. Бұл омыртқа жарақатына немесе басқа ауыр жағдайларға әкелуі мүмкін.

7. Құтқару құралдарын пайдалану

Қайықпен серуендеу кезінде міндетті түрде құтқару кеудешесін кию қажет. Бұл адам өмірін сақтайтын маңызды құрал.

Мұғалімнің тәрбиелік рөлі

Мектеп – бала тәрбиесінің негізгі ортасы. Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушыларға:

- қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді;
- тәрбие сағаттарын өткізеді;
- бейнероликтер көрсетеді;
- практикалық жаттығулар ұйымдастырады;
- өмірлік мысалдар келтіреді.

Тәрбие жұмыстары барысында балаларға нақты мысалдар айту өте тиімді. Себебі өмірден алынған оқиғалар оқушыларға ерекше әсер етеді.

Мұғалім оқушыларға қауіпсіздік ережелерін құр сөз ретінде емес, өмірлік қажеттілік ретінде түсіндіруі керек. Егер бала қауіптің шынайы екенін түсінсе, ол ережелерді саналы түрде сақтай бастайды.

Сонымен қатар мектепте:

- «Қауіпсіз жаз» акциялары;
- сурет байқаулары;
- пікірталас сабақтары;
- тренингтер;
- құтқарушылармен кездесулер ұйымдастыруға болады.

Мұндай іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырады.

Ата-ананың жауапкершілігі

Баланың қауіпсіздігі ең алдымен ата-ананың жауапкершілігінде. Кей жағдайда балалардың суға кетуі үлкендердің немқұрайлы қарауынан болады.

Ата-аналар:

- балаларын қараусыз қалдырмауы керек;
- қауіпсіз жерлерді таңдауы қажет;
- балаларға жүзуді үйретуі тиіс;
- қауіпсіздік ережелерін күнделікті еске салып отыруы керек.

Кейбір ата-аналар баласының жақсы жүзетініне сеніп, бақылауды әлсіретеді. Бірақ күтпеген жағдай кез келген уақытта болуы мүмкін.

Сондықтан ата-аналар:

- телефонға алаңдамауы;
- баланы үнемі бақылауы;
- қауіпті әрекеттерге тыйым салуы;
- қауіпсіздік талаптарын өздері де сақтауы қажет.

Балалар көбіне үлкендерден үлгі алады. Егер ата-ана қауіпсіздік ережелерін сақтаса, бала да соны қайталайды.

Төтенше жағдайда не істеу керек?

Суда төтенше жағдай болған кезде үрейленбеу өте маңызды. Адам сабыр сақтап, дұрыс әрекет етуі қажет.

Егер адам суға батып бара жатса:

- айқайлап көмек шақыру;
- судың бетінде қалуға тырысу;
- артық қимыл жасамау;
- тыныс алуды реттеу қажет.

Ал көмек көрсететін адам:

- өз өмірін қауіпке тікпеуі керек;
- құтқару құралдарын пайдалануы қажет;
- ересектерді немесе құтқарушыларды шақыруы тиіс.

Кей жағдайда адамдар батушыны құтқарамын деп өздері де қауіпке ұшырайды. Сондықтан құтқару жұмыстарын мүмкіндігінше мамандар жүргізгені дұрыс.

Алғашқы көмек көрсету дағдыларын білу де маңызды. Мектептерде алғашқы медициналық көмек бойынша түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұруы қажет.

Судағы қауіпсіздік және салауатты өмір салты

Судағы қауіпсіздік мәселесі салауатты өмір салтымен де тығыз байланысты. Денсаулығы мықты, тәртіпті және жауапкершілігі жоғары адам қауіпсіздік талаптарын жақсы сақтайды.

Спортпен айналысу, жүзуді үйрену, денені шынықтыру – адамның суда өзін сенімді ұстауына көмектеседі. Жүзу – денсаулыққа пайдалы спорт түрлерінің бірі.

Жүзудің пайдасы:

- денсаулықты нығайтады;
- тыныс алу жүйесін дамытады;
- төзімділікті арттырады;
- адамды батылдыққа тәрбиелейді.

Бірақ спортпен айналысу кезінде де қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Қауіпсіздік мәдениеті – адамның өз өміріне және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы. Бұл қасиет бала бойында кішкентай кезден қалыптасуы керек.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін:

- үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- мысалдар келтіру;
- практикалық жаттығулар ұйымдастыру;
- ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысын күшейту маңызды.

Қазіргі таңда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қауіпсіздік туралы бейнероликтер, анимациялар, презентациялар көрсету тиімді болып отыр.

Балаларға қорқыныш емес, сақтық мәдениетін үйрету қажет. Олар қауіпсіздік ережелерін өмірлік дағды ретінде қабылдауы тиіс.

Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары

Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені дәл осы кезеңде балалар су айдындарына жиі барады.

Жаз мезгілінде:

- балаларды қараусыз қалдырмау;
- күннің қатты ыстығында суға түспеу;
- ұзақ уақыт суда болмау;
- белгісіз су айдындарына бармау қажет.

Сонымен қатар балаларға:

- күннен қорғану;
- дұрыс демалу;
- денсаулықты күту туралы да түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

Қорыта айтқанда, судағы қауіпсіздік – адам өмірін сақтаудың маңызды шарты. Әрбір адам қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз өміріне жауапкершілікпен қарауы қажет. Әсіресе балалардың қауіпсіздігіне үлкен көңіл бөлінуі тиіс.

Мектеп пен отбасының бірлескен тәрбиелік жұмысы арқылы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға болады. Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін үйрету – олардың болашағына жасалған маңызды қадам. «Сақтықта қорлық жоқ» дейді халқымыз. Сондықтан әр адам судағы қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз өмірін де, өзгенің өмірін де қорғауға міндетті.

Судағы қауіпсіздік – тек ереже ғана емес, адам өмірінің кепілі. Балаларға қауіпсіздік мәдениетін үйрету арқылы біз болашақтың саналы, жауапты және тәртіпті азаматтарын тәрбиелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің судағы қауіпсіздік ережелері.
2. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқулығы. – Алматы: Мектеп баспасы, 2023.
3. Балалар қауіпсіздігі туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

Амирхасимова Гульнара Аймухамбетовна[1] - бастауыш сынып мұғалімі
Суттубаева Раушан Теміршекызы[2] - бастауыш сынып мұғалімі
[1,2]Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№27 орта мектебі» КММ

ҚАЗАҚИ ТӘРБИЕ - АНАЛАР МЕКТЕБІНДЕ

Кіріспе

«Тәрбие – тал бесіктен...» деп халқымыз бекер айтпаған. Демек, адам баласының тәрбиесі іңгәлап дүние есігін ашып, тал бесікке түскен кезден басталады Тәрбие мақсатына жетуде отбасындағы тәрбиенің маңызы зор. Ата-ана бала дүниеге келген сәттен бастап бесік жырын айтып, құлағына әуезді әрі ұлттық әуенді сіңіреді. “Баланы жастайынан жинақы,тәртіптілікке баулып, әрбір іске жауапты етіп тәрбиелесе ол ұққанын әдетке айналдырып келешек тұрмыс барысында да оны еркін қолдана біледі”, – деген.. Абай атамыздың жетінші, сегізінші, онынші қарасөздерінде бала туралы, ақыл үйрену мен насихат тыңдау мәселелелері сөз болады. Анасы бөбегін әдемі әлдиімен сусындатып, ардақты әженің ертегісін тыңдатып, әкенің қамқорлығына бөленген бала болашақта нағыз халқына қалаулы, еліне елеулі болады деп сенген. Іңгәлап, дүние есігін ашқан соң бала аппақ парақтай пәк болары анық. Ал сол ақ параққа ақпарат берер – ата-ана, қоршаған орта. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі – қай кезде де маңызды мәселе. Бесікті тербете отырып ән айтып, тілге тарқан. Бұл – тәрбие басы. Бұл – халқымыздың сан ғасырдан бері баланы бағып-қағап, өсіріп, өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақтаған тәжірибесі.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан.«Тәрбие сөзі араб тілінен аударғанда, «көктету, өсіру, жетілдіру» деген ұғымды береді. Яғни, сәбидің болашағы осы алған тәрбиесіне тікелей қатысты болары хақ. Жастайынан – ақ есту, көру, сезімдері шыныгып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды таабатын ішіл де, құралайды көзге ататын мерген болған. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығы болғандықтан бала 6-7 жасынан-ақ ат құлағында ойнаған. Оқу-сызу өнеріне машықтанбаса да, бір естігенін қалт жібермей жадында сақтайтын құйма құлақ болып, есте сақтау қабілеттері аса жоғары дәрежеде дамыған. Атам қазақ ежелден тәрбие ісінде басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікті үйретуді көздеп, әдептілік мәселесін басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Өйткені, мейірімді адам қашанда қайырымды болады. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек бол деп үйреткен. Бұл баланы еңбеккке баулудың алғашқы белгілері. Төртіншіден. адалдық пен шындыққа тәрбиелеу. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңірген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы, сол арқылы қоршаған ортаны, айналаны сыйлауды басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын ешқашан бетіне баспа деген. Бұл кемшілікті мүлдем айтпау деген ой емес, адамға Алланың салған кемдігін айтпа деген. Сегізіншіден, «Ел намысы – ер намысы» болуы керек. Сондықтан, ел қорғаны – батыр бол, халық алдында адал қызмет ет, бойыңдағы бар талант, күш-жігеріңді халқыңа жұмса, намысшыл бол дегенді санасына сіңірген. Бұл айтылғандар бала тәрбиесі, яғни адам тәрбиесі – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін танытады. Осыны меңзеген әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзінің астарында терең мән жатыр. Өйткені, отбасы – сол адам өмір сүрген кез келген қоғамның, мемлекеттің құрамдас бөлігі, іргетасы ретінде қарастырылған.Жер бетіндегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, жеке халық, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірген еңбегі зор деп айтуға болады. Айталық, тарих қойнауына назар салатын болсақ, Айша бибі мен Абақ ана, Домалақ ана, Абай тәрбиесін көрген Зере мен Үлжан, қол бастаған Бопай ханым, ел билеген Айғаным, Ұлпан - есімдері ел өмірінде алтын әріптермен өрнектелген. Баланы өмірге бейімдеуде ата-ана тәрбиесінің

артында ұлт тәрбиесі, мемлекет тағдыры жатады. Осы бағытта отбасы тәрбиесімен қатар оқу орындарының, ондағы ұстаздардың ықпалы мен орны қашанда да айрықша. Ата-ана мен әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайдың нәтижесінде ғана тәлім-тәрбиедегі көргенділік пен жарасымдылық, үйлесімділік пен бірізділік орын табатын үрдіс болып шығады. Сайып келгенде, баланың қоғамдық-әлеуметтік дамуы отбасында өз орнын алуынан басталады. Бүгінгі қоғамда да жастар тәрбиесіне деген көзқарас өте ерекше, олардың тағдыры болашақпен, қоғамның дамуымен тығыз байланысты екендігі анық. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ұлттық тәрбиенің мәйегін мирас етіп ғасырдан-ғасырға жалғастыру – ата салтты ұлықтағандардың еншісінде екендігі ақиқат.

Қорытынды

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өзіндік ерекшелігі бар мектеп. Қазақ халқының ұлттық тәлім - тәрбиесі мен мәдениеті шет ғалымдарының таңғалдырғаны тарихи жобалардан белгілі. Ұлттық деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр.







Емелбек Айгерим
Тәрбиеші
"Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
“Айналайын” шағын орталығы

ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ

Құндылыққа негізделген тәрбие – тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін, оның ішкі мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық үдеріс. Мұндай тәрбиенің негізгі мақсаты – баланы қоғамда өмір сүруге дайын, саналы таңдау жасай алатын, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдениетті, жауапты, дербес тұлға ретінде қалыптастыру.

Құндылыққа негізделген тәрбиенің басты ерекшелігі – баланың мінез-құлқын сыртқы бақылау арқылы емес, ішкі сенім мен сана арқылы реттеуге ұмтылуында. Яғни тәрбие баланы белгілі бір ережелерге бағындыруды ғана емес, сол ережелердің мәнін түсінуге, оларды ішкі қажеттілік ретінде қабылдауға бағытталады. Бұл – тәрбиенің ұзақ мерзімді, бірақ нәтижелі жолы.

Құндылыққа негізделген тәрбиенің негізгі мақсатының бірі – баланың бойында тұрақты құндылықтық бағдар қалыптастыру. Құндылықтық бағдар баланың өмірлік ұстанымдарын, таңдауларын, шешім қабылдау тәсілін айқындайды. Мысалы, адалдық құндылығы қалыптасқан бала бақылаусыз жағдайда да өтірік айтпауға, өз қателігін мойындай білуге ұмтылады. Ал бұл қасиет тек жазалау немесе бақылау арқылы емес, құндылыққа негізделген тәрбие нәтижесінде қалыптасады.

Тәрбиенің келесі маңызды мақсаты – баланың ішкі мәдениетін дамыту. Ішкі мәдениет баланың ойлау мәдениетін, сөйлеу әдебін, эмоциясын басқару қабілетін, қарым-қатынас жасау дағдысын қамтиды. Мысалы, сыныпта пікірталас барысында өз ойын мәдениетті түрде жеткізе алатын, өзгелердің пікірін тыңдай білетін, қарсы көзқарасқа құрметпен қарайтын оқушы – ішкі мәдениеті қалыптасқан тұлғаның айқын көрінісі.

Ал енді баланың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға тоқталайық. Бұл – баланың өз әрекетінің салдарын түсініп, қоғам алдындағы міндетін сезіне білуі. Мысалы, мектепте ортақ мүлікті күту, сынып тазалығына жауапкершілікпен қарау, еріктілік іс-шараларына қатысу арқылы бала «менің әрекетім басқаларға әсер етеді» деген түсінікті бойына сіңіреді. Бұл тәжірибе оның болашақтағы азаматтық позициясының қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар, құндылыққа негізделген тәрбиенің мақсаты – баланың өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау. Бала өзінің қабілетін, қызығушылығын, әлсіз және күшті жақтарын түсіне отырып, жеке мақсат қоя білуге үйренеді. Мысалы, мұғалім баланың жетістігін тек бағамен емес, оның күш-жігерін, талпынысын бағалау арқылы баланың өзін-өзі бағалау деңгейін көтереді. Бұл өз кезегінде баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Құндылыққа негізделген тәрбиеде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Ана тіліне құрмет, салт-дәстүрді білу, үлкенге ізет, кішіге қамқор болу – ұлттық тәрбиенің өзегі. Мысалы, тәрбие сағатында қазақтың салт-дәстүрлеріне арналған жобалық жұмыс ұйымдастыру арқылы оқушылар ұлттық құндылықтарды теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибе арқылы меңгереді.

Сонымен қатар эмоциялық интеллектті дамытуға байланысты мақсатқа да тоқталғым келіп отыр. Бұл баланың өз эмоциясын тану, басқару және өзгелердің сезімін түсіне білу қабілеті. Мысалы, сыныпта конфликт жағдайында мұғалім дайын шешімді ұсынбай, оқушыларды өзара диалогқа шақырып, сезімдерін сөзбен жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл баланың эмоциялық мәдениетін қалыптастырады.

Құндылыққа негізделген тәрбиенің тағы бір мақсаты – баланың өмірлік дағдыларын қалыптастыру. Оған қарым-қатынас жасау, шешім қабылдау, уақытты тиімді пайдалану, қиындықты жеңе білу сияқты дағдылар жатады. Мысалы, топтық жобаларда жұмыс істеу

барысында бала жауапкершілікті бөлісуді, келісімге келуді, өз пікірін қорғауды үйренеді. Бұл дағдылар тек мектеп қабырғасында ғана емес, өмір бойы қажет болады.

Құндылыққа негізделген тұлға тәрбиесінде негізгі құндылықтарды айқындау ерекше маңызды. Себебі құндылықтар – баланың ішкі мәдениетін қалыптастыратын, оның мінез-құлқын, дүниетанымын, өмірлік ұстанымын айқындайтын басты бағдарлар. Негізгі құндылықтар жүйесі баланың тұлғалық дамуына бағыт-бағдар беріп, оның қоғаммен үйлесімді өмір сүруіне негіз қалайды.

Негізгі құндылықтар ұғымы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бірлігін қамтиды. Олар адам баласына ортақ ізгі қасиеттерді сақтай отырып, белгілі бір халықтың мәдени-рухани болмысын, дәстүрін, дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Сондықтан білім беру үдерісінде негізгі құндылықтарды жүйелі әрі мақсатты түрде қалыптастыру – педагогтің басты міндеттерінің бірі.

Құндылықтар бала бойында дайын күйінде пайда болмайды. Олар күнделікті қарым-қатынас, іс-әрекет, үлгі көрсету, тәжірибе арқылы біртіндеп қалыптасады. Егер белгілі бір құндылықтар жүйелі түрде қолдау таппаса, олар баланың санасында тұрақты орын алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, негізгі құндылықтарды тәрбиелеу үздіксіз, кешенді және мақсатты сипатта жүзеге асырылуы тиіс.

Құндылыққа негізделген тәрбиеде негізгі құндылықтардың қатарына ең алдымен адамгершілік құндылықтар жатады. Адамгершілік – тұлғаның ішкі мәдениетінің өзегі. Ол мейірімділік, адалдық, әділдік, ар-ождан, жауапкершілік сияқты қасиеттерден көрінеді. Мысалы, мейірімділік құндылығы қалыптасқан бала өзгеге көмектесуге дайын болады, ал әділдікке тәрбиеленген бала өз әрекетінің салдарын түсініп, өзгелердің құқығын құрметтейді.

Негізгі құндылықтардың келесі тобы – сыйластық пен мәдени қарым-қатынас құндылықтары. Бұл құндылықтар баланың адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуына, қоғамда өзін мәдениетті ұстауына ықпал етеді. Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, өзгелердің пікірін тыңдай білу, әдепті сөйлеу – ішкі мәдениеттің айқын белгілері. Мысалы, сыныпта топтық жұмыс барысында бір-бірін тыңдай білетін, өз ойын сыпайы жеткізетін оқушыда сыйластық құндылығы қалыптасқанын байқауға болады.

Құндылыққа негізделген тәрбиеде жауапкершілік пен еңбекқорлық негізгі орын алады. Жауапкершілік – баланың өз ісіне, тапсырмасына, уәдесіне адал болуы. Ал еңбекқорлық – мақсатқа жету жолында табандылық таныта білуі. Мысалы, оқушыға белгілі бір сыныптық міндет жүктеліп, ол сол міндетті тұрақты орындаса, оның бойында жауапкершілік пен еңбекке құрмет қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар негізгі құндылықтар жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ана тіліне құрмет, салт-дәстүрді сақтау, ұлттық мәдениетті тану, отансүйгіштік сезім – баланың ұлттық болмысын қалыптастырады. Ұлттық құндылықтарды меңгерген бала өз халқының тарихын, мәдениетін құрметтей отырып, басқа ұлт өкілдеріне де сыйластықпен қарайды. Мысалы, ұлттық мерекелерге арналған тәрбие сағаттары арқылы оқушылар дәстүрлердің мәнін терең түсінеді.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

Журнал 2023 жылдың тамыз айынан бастап жарық көруде.
Басылым 1 айда 4 рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ92VPY00071802 берілген.

Журнал издается с августа 2023 года.
Периодичность выпуска — 4 раза в месяц.
Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ92VPY00071802 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 12 июня 2023 года.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды. Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические
ошибки несут авторы. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Басуға 8.06.2026 ж. қол қойылды.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Подписано в печать 8.06.2026 г.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

ÚZDIK TÁRBIESHI JÝRNALY

Ұстаз – уақыттан озық тұратын тұлға.
Ол бүгін үйретіп қана қоймайды – ертең ойлайтын, болашаққа бағыттайтын адам.
Әр шәкірттің тағдыры – ұстаз қолындағы беймәлім бір жұлдыз.

Сол жұлдыздың жарқырауы – ұстаздың шынайы еңбегіне байланысты.

Баланың жанын түсінетін жан – Тәрбиеші

Тәрбиеші – тек қарайтын емес, қамқор болатын адам. Ол баланың ішкі әлемін сөзсіз ұғып, кішкентай сезімдерге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Әр қимылы, әр сөзі – бала тәрбиесіне әсер ететін маңызды сәт.

Тәрбиеші – мейірім мен сабырдың символы. Баланың алғашқы қадамына сүйеніш болу – ол үшін үлкен бақыт.

Нағыз тәрбиеші тәртіпті үйретіп қана қоймай, сенімділік сыйлап, тұлға болуға жетелейді. Себебі ол – жүрекпен жұмыс істейтін нағыз маман.

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.